

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 35-18 "2020-2022 жылдарға арналған Аққайың ауданының Смирново ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2020 жылғы 29 қазандағы № 42-25 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 қазанда № 6620 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының "2020-2022 жылдарға арналған Аққайың ауданының Смирново ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 35-18 шешіміне (2020 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5840 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Аққайың ауданының Смирново ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 122087,7 мың теңге:

салықтық түсімдер – 20661,7 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

трансферттер түсімі - 101426 мың теңге;

2) шығындар – 130121,2 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 10000 мың теңге:

бюджеттік кредиттер - 10000 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - -18033,5 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 18033,5 мың теңге:

қарыздар түсімі - 10000 мың теңге;

қарыздарды өтеу - 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 8033,5 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы мәслихатының
XLII сессиясының торағасы

Т.Рамазанов

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың
ауданы мәслихатының хатшысы

С.Муканов

Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы мәслихатының
2020 жылғы 29 қазаны
№ 42-25 шешіміне
қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы мәслихатының
2020 жылғы 8 қаңтардағы
№ 35-18 шешіміне
1- қосымша

2020 жылға арналған Аққайың ауданының Смирново ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			1) Кірістер	122087,7
1			Салықтық түсімдер	20661,7
	01		Табыс салығы	8566,7
		2	Жеке табыс салығы	8566,7
	04		Меншікке салынатын салықтар	12095
		1	Мүлікке салынатын салықтар	480
		3	Жер салығы	676
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	10939
2			Салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттердің түсімдері	101426
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	101426

		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	101426
Функцио-налдық топ	Бюд-жеттік бағдар-ламаның әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сомасы, мың теңге
			2) Шығындар	130121,2
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	25588
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	25588
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	25034,8
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	553,2
07			Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық	72237,2
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	72237,2
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	13459
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	18173,5
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	100
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	40504,7
13			Басқалар	32296
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	32296
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	32296
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	10000
			Бюджеттік кредиттер	10000
07			Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық	10000
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	10000
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	10000
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-18033,5
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	18033,5
7			Қарыздар түсімі	10000

	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	10000
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	10000
			Қарыздарды өтеу	0
Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	8033,5
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	8033,5
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	8033,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК